



Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 152 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 желтоқсанда № 7410 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 3 қыркүйектегі № 57 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 03.09.2021 № 57 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 19-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

ойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған Күшін жойған

*Кезектен тыс сессияның төрағасы,
аудандық мәслихаттың хатшысының
міндетін атқарушы*

М. Есенғалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Әуликөл ауданы әкімдігінің
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы,
жолаушылар көлігі және автомобиль
жолдары бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Б. Қуанышбаев

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Мәслихаттың
2017 жылғы 29 қарашадағы
№ 152 шешімімен
бекітілген

Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – иесіз қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Иесіз қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды Әуликөл ауданының әкімдігімен (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырылады.

4. Иесіз қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы органымен комиссия құрылады (бұдан әрі – Комиссия).

Иесіз қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган ретінде "Әуликөл ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық шаруашылық саласында қызметті жүзеге асыруға уәкілеттілік берген және тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемесі болып белгіленеді.

5. Иесіз қалдықтарды басқару – бұл иесіз қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

2. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі

6. Иесіз қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Талап етілмеген иесіз қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмысты ұйымдастыру жергілікті атқарушы органымен Комиссияның ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Иесіз қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтердің жеткізушісін таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Иесіз қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан, жойылғаннан кейін иесіз қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3. Қорытынды ережелер

10. Иесіз қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК